

Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясын коммерциялық есепке алу мақсаттары үшін электр энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін түсіріп алу үшін бірыңғай уақытты белгілеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы N 79 Қаулысы

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердегі мемлекетаралық электр берілісі желілері бойынша өткізілген электр энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін түсіріп алу үшін бірыңғай уақытты белгілеу туралы" Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Үкімет басшылары кеңесінің 2006 жылғы 24 қарашада Минск қаласында жасалған шешімін іске асыру және Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясын коммерциялық есепке алу мақсаттары үшін электр энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін түсіріп алу үшін бірыңғай уақытты белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясын коммерциялық есепке алу мақсаттары үшін электр энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін түсіріп алу үшін бірыңғай уақыт ретінде орташа еуропалық уақыт (Гринвич меридианының уақыты плюс бір сағат) белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі мен Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі 2008 жылғы 15 ақпанға дейінгі мерзімде бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілерді осы қаулыға сәйкес келтірсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі